

## Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясын қайта ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 260 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1185 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1185 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Мемлекеттік ресурстарға астық және оның өңделген өнімдерін сатып алу жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп екі апта мерзімде Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясын жүз процент мемлекеттік акцияларының пакетімен "Азық-түлік контракт корпорациясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы етіп заңмен белгіленген тәртіпте қайта құрсын және акционерлеу күнгі кітаптық қалдығы бойынша мемлекеттік ресурстар астығы мен оның өңделген өнімдерін қабылдап алу-өткізу актісіне қол қойсын.

2. Құрылатын акционерлік қоғамның негізгі функциялары: мемлекеттік ресурстардағы астық және оның өңделген өнімдерін сатып алу, есепке алу, сақталуын ұйымдастыру, жаңарту және сату; бюджеттік ұйымдар мен арнайы тұтынушыларды астықпен және оның өңделген өнімдерімен жабдықтау болып айқындалсын.

3. **Алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1999.04.21. N 433 қаулысымен. P990433**

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*